

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Оспанбаева Махаббат Пернебайқызы, п.ғ.к., доцент

Omachabbat@mail.ru

Медетбекова Гулишат Оңланбекқызы, п.ғ.к., доцент

gulshat.mo.73@mail.ru

Таукебаева Күнсұлу Сатханқызы, т.ғ.к., доцент

taukebayeva.k@orleu-edu.kz

Құрманова Салтанат Нәдірбекқызы, аға оқытушы

s_kurmanova@list.ru

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ, Жамбыл облысы бойынша ПҚБА институты
Қазақстан, Тараз.*

Түйіндеме: мақалада қазіргі Қазақстан жағдайындағы өзекті мәселелердің бірі – қоғамдық сананы жаңғыртудың заманауи-психологиялық аспектілерін зерттеу барысы баяндалды. Қазақ елінің мықты, әрі жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болуы үшін, болашаққа беталыс бұқаралық сананы өзгерту үрдісімен тығыз байланысты. Әр қазақстандық жаңа қоғамда табысты өмір сүру үшін өзіндік сананы сапалы дамытуды терең сезінсе, онда жеке сананың трансформациялану нәтижесі ретінде қоғамдық сана жаңғырады. Эволюциялық дамудың осы заңдылығын түйсінген адам табиғаттағы секілді, қоғамда да барлығы өзара сабақтас, бір-бірімен тығыз байланысты екенін нәзік сезініп, анық білетін болады. Демек, қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі құралдары – әрбір қазақстандықтың рухани еркіндігін кемелдендіріп, саналылығын арттыру.

Ұлттық жаңғырудың аса маңызды заманауи факторларының бірі – жалғандықтан арылу. Оны эззіл деп біліп, қоғамның өзегіне түскен жегі құрт ретінде тану – тазаруға әкеледі. Бұл ой мақалада Әл Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындары туралы трактат» еңбегі арқылы негізделеді. Ізгі қарым-қатынасқа бағытталған бақытты қоғамның салтанат құруы онда өмір сүретін адамдардың ниетінің тазалығына байланысты.

Қазір Қазақстан қоғамында жүргізіліп жатқан ұлттық сананы жаңғыртуға бағдарланған саясат негізі – «бәсекеге қабілеттілік». Бұл жоғары кәсібилік дегенді білдіреді. Ересек адам үшін бәсекелік қабілет бірінші орында жақсы маман болуды көздейді. Кәсібиліктің шыңына ұмтылу – өзі өмір сүріп отырған орта қажеттілігіне лайық, өз ісінің шебері болуға талпыныспен сипатталады. Көшбасшылық бастау – адам болмысына тән қасиет. Даму үрдісіндегі осы бір заманауи парадигма көрінісі мақалада адам жаратылысының ұрықтану кезіндегі жарыс тетігін мысалға алумен түсіндіріледі.

Қоғамдағы әрбір адамның жауапкершілігін арттыру – жоғары саналылыққа жетелейтін басты шарт болуы тиіс. Өз ісіне жауапкершілікпен қарау – өз өміріне жауапкершілікпен қарауды қалыптастырады. Мұндай қағидамен қаруланған адам қандай да бір сәтсіздіктері үшін өзгені кінәламайды; қатені өзінен іздеп, оны түзетуге талпынады; оқиғадан сабақ алады. Қол жеткізген табыстары үшін разылық сезімі ұлғайып, марқаяды; өзіне сенімі артады; айналасына мейірлі, жұмсақ мінез иесіне айналады. Қоғам осындай шуақты жандармен нұрланады. Демек, «сананың трансформациялануы» немесе «жанның алхимиясы» деген ұғымдар мистика емес, жүзеге асыруға болатын кәміл мүмкіндіктер.

«Өмір бойы білім алуға» негізделген қазіргі қазақстандық білім жүйесі ұлт болашағының іргетасын қалайтын қуатты ресурс болуымен қатар, қоғамды әлеуметтік жаңғырту әлеуеті де. Сондықтан, ақпаратқа толы заман мен үдемелі даму жолындағы

қазіргі қоғам бағыты академиялық пәндердің мазмұнын толықтыруды қажет етеді. Олардың негізіне жаңа дәуірге сай инновацияларды, әсіресе адам құдыреттілігін паш етіп, рухани жетілу жолдарын сілтейтін білімдерді қалау – жаңа дәуір талабы. Мақалада қоғамдық сананы жаңғырту жекелеген адамдардың сезімталдық, жауапкершілік, танымдық елгезектік, ой өрісі, ниет тазалығы және рухын байытуға бағытталған психологиялық құралдарды тиімді қолдану арқылы жүзеге асырылатыны негізделді.

Кілт сөздер: қоғамдық сана, рух еркіндігі, сана жаңғырығы, таза ниет, сәулелі сана, көкірек көзі, танымдық сергектік, ұлттық сана, ой елгезектігі, жауапкершілік, ұлттық құндылық, психотехника, жаңа дәуір адамы.

PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS

Ospanbaeva Makhabbat Pernebaevna, candidate of psychological sciences, associate profes.

Omachabbat@mail.ru

Medetbekova Gulshat Onlanbekovna, candidate of pedagogical sciences, associate professor

gulshat.mo.73@mail.ru

Taukebaeva Kunsulu Satkhanovna, candidate of technical sciences, associate professor

taukebayeva.k@orleu-edu.kz

Kurmanova Saltanat Nadirbekovna, senior lecturer s_kurmanova@list.ru

Institute of pedagogical personnel qualification in Zhambyl region, Kazakhstan, Taraz.

Abstract. In the article of analytical analysis. The development of spiritual freedom, raising the awareness of every Kazakhstani through a sense of high responsibility, a deep sense of reality. Progressive development at any stage begins with a qualitative change in consciousness. A person who understands this pattern of evolutionary development will deeply feel, clearly know that in society, as in nature, everything is interconnected. Such knowledge is well thought out, formulated and its usefulness is unlimited: a person armed with it will never be mistaken, will take the path of progressive development; will be far from evil, ready to give his kindness to everyone around him.

One of the most important modern technologies is purification from pretense. If we consider it as a worm, eating the core of society, then this will lead to getting rid of most negatives. The real idea in the article is confirmed through the "Treatise on the inhabitants of the virtuous city" Al-Farabi. The existence of a prosperous society aimed at good relations depends on the purity of the intentions of the people living in it.

The basis of the policy of the Kazakh society aimed at modernizing the national consciousness is "competitiveness". From this it follows that a citizen of Kazakhstan should have high professionalism and become a good specialist. Striving for the peak of professionalism is characterized by diligence to be a master of one's own business, meeting high standards. Leadership qualities are inherent in human being. The present paradigm of development in the article is explained through the application of the mechanism in the process of fertilization in the birth of man.

Responsible attitude to his work forms responsibility to his life. A man armed with such principles will not blame others for his failures; will work on their mistakes and strive to correct them; to learn from your mistakes. And for the successes achieved, the feeling of gratitude will grow, confidence in oneself will increase; a person will become a kind, gentle character. The society will be illuminated by such sunny people.

Consequently, concepts such as "the transformation of consciousness" or "the alchemy of the soul" are not mysticism unquestionably these are opportunities that can be fully realized. The modern education system based on the principle of "education in the course of life" is not only a powerful resource laying the foundation for the future of the nation, but also a potential for social modernization of society. From this it follows that in the age of information-forced development, an updated content of education is needed: knowledge that indicates the path to spiritual development and the power of man. The psychological tool in the development of public consciousness is the effective use of modern psychotechnics, responsibility for the development of awareness, responsibility, creativity.

Key words: public consciousness, freedom of spirit, modernization of consciousness, pure intention, reason, cognitive activity, national consciousness, national values, awareness, responsibility, psychotechnics, a man of a new era.

*Рухы еркін халық қана ұлы істерді атқара алады.
Н.Назарбаев*

Қоғамның басты құндылығын адами капитал деп, оны стратегиялық міндет ретінде таныған қазақстандық даму жолы басқаларға көптен үлгі, ал таяуда ел Президенті жариялаған «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласын көпұлтты қазақстандықтар үндеу ретінде қабылдады¹.

Бұл пікірді көрнекі түрде бейнелер болсақ, халқын құлдық санадан арылтуды мақсат тұтқан Мұса пайғамбардың қауымымен бірге 40 жыл бойы шөл даланы кезгені туралы тәмсілді еске түсіріңіз. Ондағы мақсат – Мұса пайғамбардың езгідегі елдің еңсесін көтеріп, ес жинауын күткені еді; «елу жылда – ел жаңа» дегендей, жаңа буынның өмірге келуін тосып, атамекенге жаңа ұрпақты қоныстандырып, рух еркіндігінің салтанат құруын көксемгені-тін!²

Қазақ елінің, Президенттің өз сөзімен айтқанда «мықты, әрі жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт» болуы үшін болашаққа беталыс бұқаралық сананы өзгерту үрдісімен қалай қабысатынын қарастырайық. Кез келген деңгейдегі прогрессивті даму сананың сапалы өзгерісінен басталатыны ақиқат. Мақаланың 1-бөлімінің «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» деп аталуы жаңғыру үрдісін көздеген, болашаққа мақсатты беталысты білдіреді. Олай болса, неге мақалада «қоғамдық сана» емес, «ұлттық сана» ұғымы қолданылған деген сауал туындауы заңдылық. Оның себебін Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының негізгі қозғаушы күші ретіндегі ұлтқа басымдық беруі деп тануымыз керек. Ол, біріншіден, қазақ халқының перзенті ретінде ұлт санасының оянуын аңсаған ізгі ниет болса, екіншіден, көпұлтты мемлекетіміздің іргесі сөгілмей, оның бойындағы зор әлеуетті озық даму жолына жұмсау үрдісінде көшбасшылық тізгінін уысында ұстап, жарқын болашаққа бастар флагман болуын көксемгені. Ел ертеңін ойлаған дана перзентті тудырған халық бақытты!

Егер әр қазақстандық осы бөлімде ұсынылған алты бағытты тұтасымен түйсініп, жаңа қоғамда табысты өмір сүру кілті деп қабылдаса, онда жеке сананың трансформациялану нәтижесі ретінде қоғамдық сана жаңғырады. Эволюциялық

¹ Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру. 26.04.2017. <https://egemen.kz>

² Пушкин В. Священная библейская история ветхого завета. – Владивосток: Издательство Дальневосточного гос. университета, 2000. Стр. 54-57.

дамудың осы заңдылығын түйсінген адам табиғаттағы секілді, қоғамда да барлығы өзара сабақтас, бір-бірімен тығыз байланысты екенін терең сезініп, анық білетін болады. Мысалы, Елбасының теңеуімен айтсақ, біртұтас организм секілді: залалданған бір мүше ағзаның қалыпты жағдайын өзгертіп, үйлесімді қызметіне нұқсан келтірмей ме? Мұндай білім ой елегінен өтіп, тұжырымдалған ақи білім болып табылады және оның нығметі өлшеусіз шексіз: онымен қаруланған жан еш уақытта адаспайды әрі тек прогрессивті даму жолында болады; қиянаттан аулақ боп, айналасына жақсылық сыйлауға даяр тұрады.

Әл Фараби бабамыздың «Қайырымды қала тұрғындары туралы трактат» арқылы мұра етілген, ізгі қарым-қатынасқа бағытталған бақытты қоғамның салтанат құруына қазіргі кездегі басты кедергі – өтірік, яғни жалғандық. Оны эзәзіл деп біліп, қоғамның өзегіне түскен жегі құрт ретінде тану – тазаруға әкеледі. Ұлттық жаңғырудың аса маңызды заманауи факторларының бірі – осы.³

Ұлттық сананы жаңғыртуға бағдарланған мақаланың бірінші бөлімінде берілген «бәсекеге қабілеттілік» дегеніміз – жоғары кәсібилік дегенді білдіреді. Ересек адам үшін бәсекелік қабілет бірінші орында жақсы маман болуды көздейді. Кәсібиліктің шыңына ұмтылу – өзі өмір сүріп отырған орта қажеттілігіне лайық, өз ісінің шебері болуға талпыныспен сипатталады. Бұл өз кезегінде тұлға болмысындағы жарыс тетігін іске қосады (оған адам жаратылысының ұрықтану кезеңіндегі бәсеке мысал бола алады). Жарыстың қандай да бір даму үрдісіндегі маңызы зор. Ол бойкүйездікке жол бермейді; жалқаулықтан арылтады; жинақылық пен сергектікке тәрбиелейді; жоспарлау мен есептілікті үйретеді. Сондықтан, қоғамдық өмірге рейтинг қызметі дендеп еніп, оның сапасы барынша жақсара түсуі шарт. Рейтинг шын мәнінде, толыққанды қызмет етуі үшін ынталандыру тәсілін орнықтыру қажет. «Өркімге – қабілетіне қарай» тәмсілі нәтижеге бағдарланғанда ғана еңбек өнімділігі артады. Әттең-айы сол, біздің қоғамда әлі көп нәрсенің өлшемі жасалмаған, яғни өлшеу құралдары айқын емес; өлшеуге келмейтін жағдайлар баршылық. Бұл – азаматтарды босаңсытып, біреудің тасасында «тіршілік» етуді тудырады. Сондықтан, қоғамдағы әрбір адамның жауапкершілігін арттыру – жоғары саналылыққа жетелейтін басты шарт болуы тиіс.

Өз ісіне жауапкершілікпен қарау – өз өміріне жауапкершілікпен қарауды қалыптастырады. Мұндай қағидамен қаруланған адам қандай да бір сәтсіздіктері үшін өзгені кінәламайды; қатені өзінен іздеп, оны түзетуге талпынады; оқиғадан сабақ алады. Ал қол жеткізген табыстары үшін разылық сезімі ұлғайып, марқаяды; өзіне сенімі артады; айналасына мейірлі, жұмсақ мінез иесіне айналады. Қоғам осындай шуақты жандармен нұрланады. Демек, «сананың трансформациялануы» немесе «жанның алхимиясы» деген ұғымдар ешбір мистика емес, жүзеге асыруға әбден болатын кәміл мүмкіндіктер екені талассыз⁴.

«Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласының екінші бөлімінде Президент Н.Назарбаев қоғамдық сананы жаңғырту шеңберінде атқарылуы тиіс жобаларды жұртшылық назарына ұсынды. Олардың негізгілерінің қатарында қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жобасы аталды. Бұл – сала мамандары тарапынан мұқият дайындық пен белгілі бір мерзімді, ал қалың бұқара тарапынан ұсынылған жобаны дұрыс қабылдау ниетін талап ететін өте нәзік, әрі ауқымды шара. Аға ұрпақ өкілдерінің қалыптасқан әрекеттен жаңа дағдыға бейімделуі оңай емес. Оған атқарылуы тиіс қыруар шаруаға жұмсалатын қомақты қаражатты қосыңыз... «Үш күндігін ойламаған әйелден без, үш жылдығын ойламаған еркектен без» деген дана халқымыздың көреген

³ Мақан Қ. [Әл-Фарабидің «Қайырымды қала» ілімі нені айтады? "Ақшам" және ағайын.](https://almaty-akshamy.kz) 29.09.2016. <https://almaty-akshamy.kz>

⁴ Пауло Коэльо «Алхимия души» Пер.Телицын В. – Москва: Алгоритм, 2013. – 245с.

тәмсіліне сүйенсек, ұлттың ертеңі үшін бүгін қам жеу – қазіргі билікке сын. Жаһандану дәуірінде ұлттық сананы сақтап қалудың бірден бір шарты ретінде аталған ұлттық код – қазақы сана дер едім. Ол неден көрінеді? Қазақша ойлаудан және қазақша сөйлеуден! Қарапайым мысал – қазақ мектебінде оқыған азаматтар мен орыс мектебінде білім алған жандардың сөз саптауын бақылаңыз. Бұл – адамдардың бірінен бірінің артықшылығын немесе кемшілігін көрсету емес. Назар аударатын мына жайт: оқыту арқылы дамитын ойлау мен сөйлеу жүйелерінің ұлттық дүниетаным мен ұлттық мінезді қалыптастырудағы маңызы. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ латын әліпбиіне көшуді ұсынған зерделі ғалым М.Мырзахметов, оның тілдік қалыбымызды (артикуляция) реттеуге ықпал ететінін алға тартқан-ды⁵.

Осы тұрғыдан қарастырғанда, латын әліпбиіне көшу еліктеу де емес, мода да емес, тіпті түркі әлеміне қарай тартылу мүмкіндігі де емес екендігін бажайлаймыз. Ол – сынаптай сырғыған (тағы да Елбасының теңеуі) дәуір тынысында ұлттығымызды сақтап қалудың бір парасы, яғни қазақ халқының ұлттық кодын сақтаудың бірден бір шарты. Әлеуметтік маңызы зор заманауи жобалардың бірі – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулықты» жүзеге асыруда екі түйінді мәселені қаперде ұстаған жөн. Оның алғашқысы – тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану, филология сынды гуманитарлық ғылым салалары арқылы білім беру барысында пәнаралық байланыстарды барынша орнықтыру қағидасын сақтауды қадағалауымыз шарт. Мәселен, бір кездері әр ғылымның пәнін ажырата қарастыру тетігі белең алған болса, қазіргі және алдағы уақыттарда керісінше, жаппай интеграциялау беталысы қарқынды дамуда. Сондықтан, өзгермелі қоғамда еркін өмір сүруге бейім, икемді де табысты адам қалыптастыру мақсатында, толыққанды білім беруді көпсалалы (эмбебап) ғылым арқылы шешу маңызды. Бұл қағиданы, әсіресе, әлемдегі алдыңғы қатарлы 100 оқулықты аудару барысында ұстануымыз қажет. Екінші мәселе – Президенттің «гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру» міндеті аясында туындайды. Соңғы он жылдан астам уақыт ішінде еліміздің жоғары оқу орындарындағы білім беру Болон үрдісіне сай, кредиттік технологияға негізделі іске асырылуда. Оның маңызды өлшемдерінің бірі – «академиялық дербестік» қағидасы шеңберінде оқу орнының бағыты, мамандар әлеуеті, аймақтық ерекшеліктер және т.б. байланысты таңдау пәндеріне басымдық берілуі. Мәселен, элективті курстар бакалавриатурада 75, магистратурада 85, докторантурада 95 пайызға дейін ендіріледі⁶. ЖОО кәсіптік стандарттардың негізінде білім бағдарламаларын дербес даярлайды. Модульдық интеграция барысында санасы сергек, ойы ұшқыр, дүниетанымы кең, ұлтжанды әрі көпмәдениетті, толерантты тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін гуманитарлық пәндердің межесін сақтау аса маңызды. Бәсекелік қабілеті жоғары маман – ең бірінші орында ниеті таза, жүрегі мейірімді, нұрлы ақыл иесі.

XXI ғасыр – жаһандық жаңалықтармен қатар, білімнің дәуірлеу ғасыры. Мақалада бұл теория «Білімнің салтанат құруы» деген міндетпен белгіленген. Бұл туралы Президент Н.Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттырудың бірден-бір жолы білімділікке ұмтылыс болуы керек» деп атап көрсетті⁷.

«Өмір бойы білім алуға» негізделген қазіргі қазақстандық білім жүйесі ұлт болашағының іргетасын қалайтын қуатты ресурс болуымен қатар, қоғамды әлеуметтік жаңғырту әлеуеті де. Сондықтан, ақпаратқа толы заман мен үдемелі даму жолындағы

⁵ М.Мырзахметұлының «Жас қазақ үні» газетіне берген сұхбаты (Г.Садықова). 08.01.2011. <http://abai.kz/>

⁶ ҚР білім беруді дамытудың 2016 – 19 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016. <http://edu.gov.kz>

⁷ Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру. 26.04.2017. <https://egemen.kz>

қазіргі қоғам бағыты академиялық пәндердің мазмұнын толықтыруды қажет етеді. Олардың негізіне заманауи әлеуметтік-қоғамдық нормалармен қатар, жаңа дәуірге сай инновацияларды, әсіресе адам құдыреттілігін паш етіп, рухани жетілу жолдарын сілтейтін білімдерді қалау ләзім. Тиісінше оқу бағдарламалары мен әдебиеттерін жаңалау, барлық деңгейдегі біліктілікті жетілдіру жұмыстарының мазмұнына тұлғаны дамыту-тәрбиелеу инновацияларын ендіру және оны меңгеруді мұғалім біліктілігінің өлшемі ретінде бағалау – жаңа дәуір талабы.

Осы ретте қоғамдық сананы жаңғыртудың психологиялық аспектілеріне қысқаша шолу жасайық. Психология адам туралы пәндердің ішінде орталық мәнге ие ғылым саласы. Басқа пәндер «адам – қоғам – орта» қатынасына негізделсе, психологиялық білімдер психиканы дамытумен қатар, адамның жан-дүниесіне, рухты байытуға бағытталады. Демек ол – адам болмысын қалыптастыратын пән. Адами болмыс сана арқылы дамиды. Бұқаралық сананы жаңа сапаға көтеру үшін сол қоғамда өмір сүріп отырған әрбір адамның санасын оятып, сезімталдығы мен жауапкершілігін дамыту керек. Жоғары саналылыққа қол жеткізу танымдық елгезектік, ой өрісі мен көңіл көкжиегінің кеңеюі және болмысты нәзік сезіну мен интуиитивтік тұрғыда қабылдауды қажетсінеді. Адам тіршіліктің сан алуан нығметтерінің қайнар көзі нақ өзі екендігін сезінгенде санада тың өзгерістер мен сапалық сілкіністер пайда болады. Осылайша ояну құндылықтар басымдығына жаңаша қарап, өмір сүру тетіктерін қалауынша басқаруға және реттеуге мүмкіндік береді. Сана сергектігі жеке адам болмысының оң өзгерісін қамтамасыз ете отырып, айналасына да айтарлықтай жағымды ықпал етеді. Күн шуағымен тіршілік атаулыны нұрға бөлейтіні секілді, рухы еркін кемел адамның көкірек көзі көпке сәуле шашып, қараңғыны жарық етеді. Міне, осы сәттен бастап сананың жаңғыру үрдісі белең алады. Токтаусыз, қажырлы еңбек пен таза ниеттің арқасында оянған сана – сәулелі!

Әбу Наср Әл-Фараби «адам міндетті түрде адал ниетті болуы керек, өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады» дей отырып, жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқтығын, мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқатқа қолы жетпейтінін ескерткен⁸.

Заманауи өзгерістер ағымы адам психологиясының қарқынды дамуына оң ықпал етуде. Жаңа дәуір адамы адамзат тарихындағы бай тәжірибені бойына сіңіре отырып, өзі өмір сүріп отырған заман ерекшеліктерімен бірге даму үстінде. Бұл құбылыс барлық адамтану саласының мамандарына жаңа міндеттер жүктейді: замандастарымызды қоғамдық құбылыстардан тыс қалмауға, әлеуметтік ортаның тыныс-тіршілігімен қатар өмір сүруге шақыра отырып, олардың санасын жаңаша өмір сүруге бағыттай білу маңызды. Жалпыадамзаттық құндылықтарды игеру және планетарлық ой-сананы қалыптастыру сынды заманауи парадигмалардың негізі – рухани кемелдену арқылы адам әлеуетін ашу. Бұл – ұлы дала ойшылдары әл-Фараби еңбектері («Бақытқа сілтер жол», «Қайырымды қала тұрғындары»), Қ.Йасауи хикметтері («рухани еркіндік», «кемел адам» идеялары), М.Х.Дулати («Тарих-и-Рашиди», «Жаһаннаме») мен Ж.Баласағұн («Құтты білік») дастандары, көшпенділер тарихындағы жыраулар плеядасы, Абайдың «толық адам» концепциясы мен Шәкәрім мұралары және ислам қағидаттары арқылы мирас етілген, әлі де уақытпен үндес жауһар жәдігерлеріміз бен асыл қазыналарымыз⁹.

⁸ Әбу Насыр Әл-Фараби. Уикипедия – ашық энциклопедия. <https://kk.wikipedia.org>.

⁹ Оспанбаева М. Жаңа дәуір адамын қалыптастырудың кешенді психологиялық стратегиялары. «Қытайдан Адриатқа» III Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Анталья., 2016. 196-202бб.

Адамзаттың өзіндей көне ақиқат пен табиғи білімдерді замана ерекшелігіне сай өңдеп, тасымалдауды қамтамасыз етіп жүрген новатор-психологтардың жаңа дәуір адамын қалыптастыру үрдісіндегі ерен еңбектері де атап өтуге тұрарлық. Тіршіліктің баға жетпес тамаша туындысы – адамды барынша жетілдіруге (дамытуға) және бақытты да табысты етуге бағдарланған психологиялық инновациялар қатарында М.Норбековтың ағзаны қуаттандыру арқылы сауықтыру психологиясы, Л.Хейдің «өзіндіктаным», «кешірім-тазару» концепциялары, В.Синельниковтың «ниет күші» теориясы, Н.Правдинаның жетістік психологиясы, Н.Козловтың өзара қарым-қатынастарды реттеуге бағытталған әлеуметтік практикалық психологиясы, С.Коноваловтың «Адам – ақпараттық-қуаттық жүйе» концепциясы, П.Ивановтың «Балақай» сауығу әдістемесі, Мартин Брофманның «ақ нұр», «сәуле» арқылы өзіндік сауығу тәсілі, Крайонның (Ли Кэрролл) метафизикалық ілімі мен дуализм теориясы, Ошоның (Шри Раджниш) сана трансформациясы концепциялары жаңарулар заманына тиесілі. Олардың барлығына ортақ құндылық – авторлық концепциялардың негізіне «рух еркіндігі» теориясын қалай білулерінде. Бұл инновацияларда мәдениет, сенім, әлеумет ерекшелігі, ұлттық сипат жоқ. Олар адамзат баласына ортақ туындылар; ең бастысы адам игілігіне бағытталуымен құнды¹⁰.

Қазіргі уақытта психологтардың арсеналында психотехникалардың бай қоры бар. Бірақ психиканы дамыту, түзету, реттеу сынды күрделі әрі ұзақ мерзімді психологиялық сүйемелдеу әрекетінде жалаң психотехникаға сүйену жеткіліксіз. Елімізде психология ғылымының дамуы әлі күнге дейін пәндік деңгейде. Оның ментальды қолданбалылығын арттыру және заманауи іргелі ғылыми нәтижелер алу үшін арнайы зертханалар мен ғылыми-зерттеу институттары қарастырылмаған. Біз өмір сүріп отырған инклюзивті қоғамда қолданбалы психология мен тәжірибелік психология стихиялық түрде даму үстінде; теориялық психология академиялық шеңбер құрсауында; ал іргелі психологияның негізі де қаланбаған. Таяу жылдардың мақсаты ретінде ғылыми әлеуетті арттыруды басымдық ретінде белгілеп отырған ҚР Білім және ғылым министрлігінің құрылымдық бөлімі – Ғылым комитетіне қарасты «Психология» ҒЗИ құру – уақыт талабы.

Біз өмір сүріп отырған уақыт – жаңа ғасыр, жаһандану ғасыры. Оған тән ерекшелік – барша кедергілер мен айырмашылықтардың жойылып, бірігулердің нәтижесі біртекті мәдениетке әкелетіні. Осы ретте ұлттық құндылықтарды игеру – әр адам баласының өз ұлтының әлеуметтік-этникалық мәнін түсінуі, ұлтаралық қатынастарда қандай жағдайға ие екендігін, жалпы адамзат дамуында қандай үлесі барын ұғынуы, әрі өзге халықтармен бірдей еркіндікте өмір сүруін жете түсінуі болып табылады. Ұлттық құндылықтардың бір бөлігі – рухани-мәдени шығармалар, ұлттық рухани мұралар. Ондай шығармаларда ұлттық сананың жетілуіне ерекше әсер ететін көңіл-күй, оқиғалар бейнеленеді. Мәдениеттің белгілі қайраткерлері өз халқының тарихына үңіле отырып, рухани мәні зор шығармаларды дүниеге әкелді. Сол тарихи-көркем шығармалар өз халқының тарихи процестердегі орны мен рөлін анықтайды, сөйте отырып, халық шығармашылығына көңіл аудару арқылы ұлттық сананы қалыптастыру мақсатын алға қояды.

Ұсынылып отырған жобалардың қай-қайсысы болмасын, сапалы дамуды көксеген, стратегиялық маңызы жоғары әрі жалпыхалықтық сипатқа ие, патриоттық бағдар болуымен құнды. Сондықтан, осы идеяларды жүзеге асыру шараларын әр қазақстандықтың түбегейлі әрі терең түсініп, кешенді түрде жүргізілуін қамтамасыз ету – мұрат.

¹⁰ Оспанбаева М. Болашақ мамандарға заманауи білім берудің психологиялық аспектілері. МНПК «Педагогика и современные аспекты физического воспитания» – Краматорск, Украина 2017. 312-319бб.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру. 26.04.2017. <https://egemen.kz>
2. Пушкарь В. Священная библейская история ветхого завета. – Владивосток: Издательство Дальневосточного гос. университета, 2000. Стр. 54-57.
3. Мақан Қ. [Әл-Фарабидің «Қайырымды қала» ілімі нені айтады? "Ақшам" және ағайын.](https://almaty-akshamy.kz) 29.09.2016. <https://almaty-akshamy.kz>
4. Пауло Коэльо «Алхимия души» Пер.Телицын В. – Москва: Алгоритм, 2013. – 245с.
5. М.Мырзахметұлының «Жас қазақ үні» газетіне берген сұхбаты. 08.01.2011. <http://abai.kz/>
6. ҚР білім беруді дамытудың 2016 – 19 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016. <http://edu.gov.kz>
7. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру. 26.04.2017. <https://egemen.kz>
8. Әбу Насыр Әл-Фараби. Уикипедия – ашық энциклопедия. <https://kk.wikipedia.org>.
9. Оспанбаева М. Жаңа дәуір адамын қалыптастырудың кешенді психологиялық стратегиялары. «Қытайдан Адриатқа» III Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Анталья., 2016. – 196-202бб.
10. Оспанбаева М. Болашақ мамандарға заманауи білім берудің психологиялық аспектілері. МНПК «Педагогика и современные аспекты физического воспитания». – Краматорск, Украина. 2017. – 312-319бб.

